

## «БЕКІТІЛДІ»

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің ректоры

\_\_\_\_\_ Е.Б. Сыдықов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті Ғылыми  
кеңесінің шешімі

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2011ж.

хаттама № \_\_\_\_\_

## Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

### ЕРЕЖЕ

#### 1 Мақсаты

1.1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы осы Ереже Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі бакалавриат, магистратура сатыларында білім алушыларға ішкі гранттар мен оқу төлемақысының жеңілдіктерін, сонымен бірге басқа да әлеуметтік көмек түрлерін тағайындау тәртібін анықтайды;

1.2 Ереже университеттің ішкі мүмкіндігіне қарай білім деңгейі мен қабілеті жоғары және әлеуметтік мүмкіндіктері төмен отбасынан шыққан білім алушылардың білім алуына қолдау көрсетуді мақсат етеді.

#### 2 Қолданылатын саласы

2.1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы осы Ереже бакалавриат, магистратура бойынша ішкі гранттар мен әлеуметтік көмек түрлерін тағайындау бағытында қолданылады.

#### 3 Нормативтік сілтемелер

3.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №638 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 21 қаңтарда № 14 бұйрығымен өзгертілген (Әділет министрлігінде 2010 жылы 1 ақпанда № 6023 болып тіркелген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі»;

3.2 Ішкі гранттарды тағайындау университет Жарғысының (ары қарай Жарғы) 12-тармағына «білім беру, ғылыми-өндірістік және өзге де

заңнамаларда тыйым салынбаған қызмет есебінен қосымша қаржылай және материалдық табыс көзін тарту, одан алынған табысты Жарғыға сәйкес дербес пайдалану» және 13-тармағының 3-тармақшасына «білім беру және өзге де қызметтерден алынған қаржы мен табыстарды тиімді амалдар мен бағыттарға – оқу-әдістемелік базаны дамытуға, жоғары кәсіби білім беру мазмұнының сапасын арттыруға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге жұмсау» сәйкес **әлеуметтік резерв қоры** жүзеге асырылады.

#### 4. Қолданылатын ұғымдар мен терминдер

4.1 Осы Ережеде төмендегі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

**университеттің ішкі гранты** – комиссия шешімі негізінде Ғылыми кеңесте қаралып, университет ректорының бұйрығымен бекітілетін, университет қаржысы есебінен білім алушылардың кәсіби білім алуына бағытталған қаржы;

**оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер** – комиссия шешімі негізінде Ғылыми кеңесте қаралып, университет ректорының бұйрығымен бекітілетін, бір оқу жылының оқу төлемақысына пайыздық мөлшері көлемінде берілетін жеңілдіктер;

**әлеуметтік жеңілдіктер** – білім алушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты қолдау көрсету мақсатында бөлінетін жеңілдік түрлері (тегін тамақтану, тегін жолақы билеттерімен қамтамасыз ету, т.б.);

**ішкі гранттар мен әлеуметтік көмектерді қарастыру және тағайындау мерзімі** – ішкі гранттар мен әлеуметтік көмек түрлерін қарастыру және тағайындау осы ереженің 5 бабында белгіленген мерзім бойынша орындалады;

**грант иегері** – университеттегі ақылы оқумен оқитын білім алушылар арасынан тиісті талаптар бойынша комиссия тарапынан іріктеліп алынған, Ғылыми кеңес шешімімен оқу бағдарламасын ақысыз оқуға рұқсат берілген тұлғалар;

**әлеуметтік көмек бөлуді анықтайтын комиссия** – әлеуметтік көмек алуға лайықты үміткерлерді іріктеу мақсатында жыл сайын университет ректорының бұйрығымен университет қызметкерлерінен сайланатын, кемінде 5 адамнан тұратын тұрақты жұмыс тобы;

**«Үздік» атаулы стипендиясы** – университетке қабылданған «Алтын белгі» иегерлері арасынан ішінара іріктеліп алынған студенттерге қосымша стипендия түрінде тағайындалатын қаржы сомасы;

**әлеуметтік резерв қоры** – білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында университеттің таза табысы есебінен құрылатын қаржы бөлігі.

#### 5 Жалпы ережелер

5.1 Ішкі гранттар мен әлеуметтік көмек түрлерін беруге байланысты бакалавриат, магистратура бойынша білім алушылардың өтініштерін

университет бойынша Ғылыми кеңестің шешімімен және ректордың бұйрығымен құрылған комиссия қарастырады;

5.2 Комиссия құрамында университеттің қаржылық құрылымының қызметкерлерінің болуы міндетті;

5.3 Ішкі гранттар мен әлеуметтік көмек түрлерін беруге байланысты бакалавриат, магистратура бойынша білім алушылардың өтініштерін қарастыратын комиссия ректордың бұйрығымен жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде құрылады;

5.4 Оқу жылына бөлінетін ішкі гранттары, оқу төлемақысының жеңілдіктері мен басқа да әлеуметтік көмек түрлерінің саны университеттің қаржылық жағдайына байланысты жыл сайын 25 тамызға дейін анықталып, ректордың келісімімен тамыз айындағы Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады;

5.5 Ғылыми кеңесте бекітілген ішкі гранттар мен берілетін әлеуметтік көмек саны жыл сайын 10 қыркүйекке дейін комиссияға ұсынылады;

5.6 Ішкі грантқа үміткерлерді факультет декандары, Академиялық мәселелер департаменті және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директорлары ұсынады;

5.7 Ішкі гранттар мен оқу төлемақысының жеңілдіктерін беруге байланысты бакалавриат, магистратура бойынша білім алушылардың өтініштері жылына 1 (бір) рет 10 қыркүйекке дейінгі мерзімде Академиялық мәселелер департаменті және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті тарапынан қабылданады;

5.8 Ішкі грантқа немесе оқу төлемақысына жеңілдіктер туралы өтініші мен құжаттарын қабылдау кезінде білім алушы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мемлекеттік грант иегері болмауы міндетті;

5.9 Ішкі грантқа немесе оқу төлемақысына жеңілдіктер бойынша өтініштер мен құжаттарды Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ақылы негізде білім алушы тұлғалар өткізе алады;

5.10 Комиссия ішкі гранттарды, оқу төлемақысына жеңілдіктерді және әлеуметтік көмек түрлерін осы ереженің 11 тармақшасында көрсетілген баллдық шкаланы басшылыққа ала отырып конкурстық негізде бөлістіруді жүзеге асырады;

5.11 Комиссия жыл сайын 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде ішкі гранттар мен әлеуметтік көмек түрлерін алуға байланысты білім алушылардың өтініштері мен құжаттарын қарастырып, қорытынды шешімді университет ректорының атына ұсынады;

5.12 Комиссия шешімі ректордың келісімімен университет Ғылыми кеңесіне қарауға ұсынылып, университет Ғылыми Кеңесінің шешімі және университет ректорының бұйрығы негізінде рәсімделеді;

5.13 Магистранттарға берілген ішкі гранттар мен студенттердің оқу төлемақысының жеңілдіктері негізгі келісім-шартқа қосымша келісім арқылы рәсімделеді;

5.14 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша ішкі гранттар оқудың теориялық курсынан өту шығындарын

қамтиды. Бұл жағдайда білім алушыға стипендия, іссапары, жарыстарға қатысуы, т.б. шығындары төленбейді;

5.15 Оқу төлемақы жеңілдіктері мен әлеуметтік көмек түрлері бір оқу жылы (1 қыркүйек – 31 тамыз) мерзіміне немесе 1 (бір) академиялық кезеңге (семестр) тағайындалады.

## **6. Ішкі гранттар мен жеңілдіктердің категориялары**

- университеттің ішкі гранты;
- 4 жылдық бакалавриат үшін алғашқы 3 (үш) жылда және 5 жылдық бакалавриат үшін алғашқы 4 (төрт) жылдың оқу бағдарламаларын тек қана А, А- («өте жақсы») бағаларына меңгерген студенттерді соңғы оқу жылының төлемақысынан босату;
- ақылы оқуға қабылданған «Алтын белгі» иегерлері және халықаралық спорттық жарыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің оқу төлемақысына 20-50 пайыз көлемінде берілетін жеңілдік;
- ғылыми жарыстар жеңімпаздарының, оқу үлгерімі жоғары студенттердің, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын студенттердің оқу төлемақысына 10-30 пайыз көлемінде берілетін жеңілдік;
- кемінде 5 жыл жұмыс істеген университет қызметкерлерінің балаларына 10-30 пайыз көлемінде берілетін жеңілдік;
- «Үздік» атаулы стипендиясы;
- Қаморлық кеңестері, мекемелер мен әкімдіктердің тағайындайтын атаулы стипендиялары;
- студенттер мен магистранттардың кәсіподағы бөлетін шәкіртақы;
- тегін тамақтану талондары;
- тегін жол жүру билеттері.

## **7. Ішкі грант және жеңілдік түрлері бойынша үміткерлерді іріктеуде басымдық берілетін мән-жайлар**

### **7.1 Бакалавриат бойынша:**

7.1.1 «Алтын белгі» иегері болуы;

7.1.2 Республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары;

7.1.3 Спорттық жарыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

7.1.4 ҰБТ тапсыруда 90 баллдан жоғары балл жинауы;

7.1.5 Көпбалалы отбасынан шыққан студенттер;

7.1.6 Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер;

7.1.7 Университетте бір отбасынан бірнеше баланың ақылы негізде оқуы;

7.1.8 Университетте егіз балалардың оқуы;

7.1.9 Университет қызметкерлерінің балалары;

7.1.10 Балалар үйінің түлектері;

7.1.11 Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қамқорлыққа алынған балалар;

7.1.12 Толық емес отбасынан шыққан балалар;

7.1.13 Ауған соғысы ардагерлері балалары;

7.1.14 Мүгедек балалар;

7.1.15 Оралмандар;

7.1.16 Білім, ғылым, шығармашылық бағыттарында жетістіктері бар студенттер.

## **7.2 Магистратура бойынша:**

7.2.1 Мамандығы бойынша түсу емтихандарын 8 баллмен тапсырған, бірақ мемлекеттік грантты иелене алмауы;

7.2.2 Мамандығы бойынша түсу емтихандарын 8 баллмен тапсыруы, балалық шағынан 1, 2 топтағы мүгедек болуы;

7.2.3 Ғылыми жұмыстар мен шығармашылық ізденістер бойынша мол әлеуетінің болуы;

7.2.4 Отандық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми-шығармашылық жарыстардың жеңімпазы болуы;

7.2.5 Оқу үздігі болуы, ғылыми-шығармашылық еңбектерінің саны мен сапасы;

7.2.6 Тиісті салада 3 жылдан астам еңбек өтілінің болуы.

## **8. Университеттің құқықтары мен міндеттері**

8.1 Университет жарғысына және осы ережеге сәйкес ішкі грант немесе жеңілдік иегерінің өз міндеттерін жауапты және жоғары деңгейде орындалуын талап етуге;

8.2 Ішкі грант немесе әлеуметтік көмек иегерінің міндеттелген жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің оқу бағдарламасын орындамаған, басқа оқу орнына ауысқан, оқудан түрлі себептермен шығарылған жағдайларда магистранттардан университет жұмсаған қаржылай шығынды инфляция индексі есебімен қайтарып алуға;

8.3 Магистратурада оқуда университет грантын иеленген білім алушыларды қажеттілік туындаған жағдайда оқу мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті салада кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеуге;

8.4 Грант иегерін білім алушылар тізіміне қосу университет ректорының бұйрығымен 2008 жылғы 1 сәуірдегі №161 «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім ұйымдарында оқуға қабылдаудың типтік ережелерінде» көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

## **9. Ішкі грант немесе жеңілдік иегерінің міндеттері**

9.1 Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің оқу бағдарламасын толық орындамаса, басқа оқу орнына ауысса және оқудан түрлі себептермен

шығарылса оқуына университет жұмсаған қаржылай шығынды инфляция индексі есебімен орнын толтыруға;

9.2 Магистратурада оқуда университет грантын иеленген білім алушылар қажеттілік туындаған жағдайда оқу мерзімі аяқталғаннан кейін университетпен кем дегенде 3 (жыл) жылға еңбек келісім-шартын жасауға;

9.3 Университеттің ішкі Ережесін қатаң орындап, оқу бағдарламасын меңгеруді тиісті деңгейде қамтамасыз етуге;

9.4 Университеттің іс-шараларына белсенді қатысуға.

## **10. Ішкі грант және әлеуметтік көмек түрлері бойынша үміткерлер іріктеуде басымдық берілетін мән-жайлардың баллдық шкаласы:**

10.1 Ішкі грант және әлеуметтік көмек түрлері бойынша үміткерлер іріктеуде басымдық берілетін мән-жайлардың баллдық шкаласы:

- «Алтын белгі» иегерлері – 12 балл;
- Халықаралық спорттық жарыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлері – 11 балл;
- Республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары – 10 балл;
- Балалар үйінің түлектері – 10 балл;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қамқорлыққа алынған балалар – 10 балл;
- ҰБТ тапсыруда 90-нан жоғары балл алғандар – 9 балл;
- Мүгедек балалар – 9 балл;
- Көпбалалы отбасынан шыққан студенттер – 8 балл;
- Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер – 8 балл;
- Білім, ғылым, шығармашылық бағыттарында жетістіктері бар студенттер – 8 балл;
- Университет қызметкерлерінің балалары – жеңбек өтіліне сәйкес 5 балдан 7 балға дейін;
- Ауған соғысы ардагерлері балалары – 7 балл;
- Толық емес отбасынан шыққан балалар – 6 балл;
- Оралмандар – 6 балл;
- Университетте бір отбасынан бірнеше баланың оқуы – әр балаға 4 балдан;
- Университетте егіз балалардың оқуы – әр балаға 4 балдан.

10.2 Осы Ережеде көрсетілген балдық шкала бөлінісі Ғылыми кеңес шешімі негізінде өзгертулер енгізіледі.

## **11. Әлеуметтік көмекке үміткер студент жағдайын растайтын құжаттардың түрлері**

11.1 Ішкі грант немесе әлеуметтік көмек түрлеріне үміткерлер өтініштерімен бірге осы Ереженің 5 бабының 5.7 тармақшасында көрсетілген

мерзімге дейін көрсетілген мүмкіндіктерін растайтын төмендегі құжаттарды өткізуі тиісті:

1. Балалар үйінің түлектері (*балалар үйінің түлегі екенін растайтын анықтама*);

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қамқорлыққа алынған балалар (*ата-анасының қайтыс болуы жайлы куәлік немесе ата-ана құқығынан айыру туралы анықтама*);

3. Толық емес отбасынан шыққан балалар (*әкесінің немесе анасының қайтыс болуы жайлы куәлік, ата-ана құқығынан айыру туралы анықтама, неке бұзылуы жайлы анықтама*);

4. Ауған соғысы ардагерлері балалары (*әкесінің ауған соғысы ардагері екенін растайтын куәлік*);

5. Мүгедек балалар (*ата-анасының немесе студенттің мүгедектік тобы көрсетілген анықтама*);

6. Оралмандар (*оралмандық категориясын анықтайтын құжат*);

7. Білім, ғылым, шығармашылық бағыттарында жетістіктері бар студенттер (*жетістіктерін растайтын диплом, мақтау қағазы, сертификат немесе т.б.*);

## **12. Ереженің жарамдылық мерзімі**

12.1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы осы Ереже 5 жыл мерзімге жарамды.

## **13. Ережеге толықтырулар мен өзгертулер енгізу**

13.1 Осы Ережеге толықтырулар мен өзгертулер университет Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі;

13.2 Университет Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша осы Ережеге енгізілген толықтырулар мен өзгертулер Ереженің ажырамас бөлігі болып саналады.